

**Абай Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектептің кәсіптік
бағдар беру жұмысының 2023-2024 оқу жылына арналған жоспар
бойынша өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет**

2023-2024 оқу жылынды бітіруші сыныптан 4 сынып комплектісі барлығы 89 оқушы бар, үшеуі ЖБ болса, бір сынып гуманитарлық бағытта білім алуда.

11 сынып оқушыларының таңдаған мамандықтары

Медицина	17
Педагогика	15
IT саласы	10
Техникалық мамандықтар	7
Экономикалық мамандықтар	7
Дизайн, архитектура	7
Туризм саласы	1
Заң саласы	4
Аударма ісі	3
Бизнес саласы	3
Шығармашылық	5

2023 жылдың қыркүйек айының 20-21 жұлдызында Жаңаөзен қаласындағы №8 мектепте БИЛ жобасы бойынша кәсіби бағдар берушілерге арналған «Профориентацияның 3 фундаменті» «Қай жаста не істеу керек?» тақырыптарында семинар болып өтті.



28 қыркүйекте 11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қателіктер. Арман.Мақсат. Миссия» тақырыбында семинар болып өтті. Оқушыларға семинар алдында тренинг өткізілді. Арман мен мақсаттың ара жігін қалай ажырату керектігі жөнінде, дұрыс армандай білуді мақсатты қалай дұрыс қою керектігі туралы түсінік жұмыстары жүргізілді.



5 қазанда БИЛ жобасы бойынша 11 сынып оқушыларымен «ҰБТ анализі» тақырыбында семинар өтті. Оқушыларға оқу орындарына бөлінген гранттар жөнінде, шекті балл қай оқу орнында қанша екендігі туралы көптеген мәліметтер берді.




9 қазанда Edutest платформасында 11 сынып оқушылары байқау сынағынан өтт




12 қазан және 18 қазанда профориентолог Ильяс Садуақасов 11 сынып оқушыларымен және ата-аналарымен жеке консультация берді. Әр оқушыдан диагностика алынды. Және көптеген жеке сұрақтарына жауап берілді.



Қараша айының 2-3і Жаңаөзен қалалық оқушылар шығармашылық үйінде қала мектептерінің кәсіби бағдар берушілерімен семинар өтті.



29 қараша күні Орал қаласы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық- техникалық университетінің өкілі аграрлық- техникалық мамандық таңдап отырған оқушылармен кездесу өткізді.



30 қараша күні 10 сыныптар арасында « Ұлттық бірінші тестілеу-2024» тақырыбында Ильяс Маратұлының семинары өтті. Семинарға барлық 10 сынып оқушылары, мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты



4 желтоқсанда Ақтау қаласындағы Н.Н.Есенов атындағы университеттің өкілдері келіп 11 сынып оқушыларымен кездесу өткізіп оқуға түсу мүмкіндіктері туралы, теңіз академиясы туралы көптеген ақпараттар берді.



5 желтоқсанда Астана Hub IT стартап технопаркі, IT саласы мен стартаптар туралы 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өтті. Кездесуде мамандар стартап және оның мүмкіндіктері туралы баяндама оқыды.



6 желтоқсанда Жаңаөзен қаласындағы жаңа технологиялар және қызмет көрсету коледжіне 9 сынып оқушылары ашық есік күніне экскурсияға барып келді. Оқушылар студенттердің практикалық жұмыстарын, шеберлердің қалай ағаш жонатынын, тігіншілердің қалай қиып пішетінін, темір станок, электр қызметі, гипс, пластик бұйымдарын қалай дайындалатынын, дайындалу жолын, өңдеу технологияларын өз көздерімен көріп, көптеген ақпараттар алды.



26 желтоқсанда БИЛ жобасы бойынша жетекшілік етуші профориентатор Ильяс Маратұлы Садвақасов 11 сынып оқушыларына және ата-аналарға Ұлттық бірыңғай тестілеу-2024" тақырыбында баяндама оқып, ата-аналарға қай мамандыққа грантқа түсу мүмкіндігі қаншалықты тиімді, әр оқу орнының өзіне тиісті шекті баллы жөнінде, сұранысқа ие мамандықтар жөнінде толықтай түсіндірме жұмысын жүргізді.



12 қаңтарда Жаңаөзен қалалық Полиция басқармасының лейтенанты Р.Сағынжан және Жаңаөзен қалалық Полиция басқармасының майоры А.Тулетаева 11 сынып оқушыларына




Қазақстандағы Қарағанды, Қостанай Алматы қалаларындағы әскери оқу орындарына шақыру жүргізді.

23 қаңтар Алматы қаласындағы Логистика және көлік академиясының студенттері Ералиев Рамазан және Тқлетай Нұрай оқушыларды өз оқу орындарына шақыру жұмысын жүргізіп, оқу орнына қалай түсуге болатындығы туралы, қандай мамандықтар бар екендігі туралы толық ақпарат беріп өтті.

24 қаңтар Атамекен PRO қоғамдық қорының дата аналитигі Алтажанов Арлыбек Исаұлы және allfood компаниясының директоры Турламбаев Нұрсұлтан келіп 9-11 сынып оқушыларының ішінен IT саласын таңдап отырғандарға «IT-ді нөлден баста» және «IT-дегі алғашқы қадам» тақырыбында семинар өткізді. Приложенияларды қалай құру, жаңа технологиялар, жасанды интеллект сияқты тақырыптарда мағлұмат беріп өтті.



24 қаңтарда Жаңаөзен қызмет көрсету және жаңа технологиялар колледжінде парламент президенттерінің кезекті қауымдастығы өтті. Отырыста мектептерде мамандық таңдау мектебін құру туралы ұсыныстар болды.



31 қаңтарды 6 «А» сыныбына оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында сазбалшықтан қыш құмыра жасау шеберлік сағаты өткізілді. Сазбалшықтың құрамы, оның пайдасы туралы ақпараттар айтылды. Оқушыларға өте қатты ұнады.



8 ақпанда Жаңаөзен политехникалық колледжіне ашық есік күніне 9 сынып оқушылары барып келді.



7 ақпанда Жаңаөзен Жастар ресурстық орталығы кәсіби бағдар беру бағдарламасы бойынша және мектеп оқушылары арасында үгіт-насихат жүргізу мақсатында ауған соғысы ардагерлерінің арасында әскери бөлімшеде кездесу өтті.

14 ақпан «Сен таңдаған мамандықтың маңыздылығы» атты қаламызға белгілі химия пәнінің мұғалімі Мухамедов Ерлан, Өзенмұнайгаз мекемесінің химик маманы Нұрсұлтан мырзамен және дәрігер эндокринолог маман Айгерім Жылқыбекқызымен химия биология пәнін таңдап отырған оқушылармен оқушылар шығармашылық үйінде кездесу өтті



16 ақпан күні 23 ЖББМ «Жарқын болашақ» жобасы бойынша 9 сыныптың ата-аналарымен кездесу өтті.



20 ақпан күні 22 мектепте «Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның қалалық кезеңі өтті. Оған біздің мектептен 8 «В» сынып оқушылары Букенбай Гауһар және Жамалиддин Диана «Мен мамандықты таңдаймын» және «Менің кәсібім- менің бизнесім» тақырыптары бойынша қатысты.

22 ақпан күні БИЛ профориентологы Ильяс Садвакасұлы 10 сынып оқушыларына «Қателіктер» және ҰБТ тақырыбында семинар өткізді.



05.03. наурыз күні Ажар ресторанында БИЛ жобасына қатысушы мектептердің ата аналары үшін «Ата-аналар форумы» өткізілді. Форумда оқушылар білім көрмесін көрсетті.



8-10 сынып оқушыларынан мамандық таңдау жөнінде уақытында сауалнама алынып тұрады. Ал 11 сынып оқушыларына гранттар бөлінісі туралы, мемлекеттік грант, нысаналы грант, қай мамандықта грант аз, қай мамандықта грант қанша бөлінгені туралы ақпараттар берілді.



27 ақпанда Жаңаөзен қалалық Жастар ресурстық орталығы» КММ-сі «Таскала» групп ЖШС мен бірге жасақталған меморандум аясында құрылыс саласының мамандарымен кездесу өтті. 9 сыныптың құрылыс саласын тандап отырған оқушыларын құрылыс объектісімен таныстыру, жасалған жұмыстарды көрсетіп экскурсия жасады. Оқушыларға керемет ұнады.



Наурыз айында бастауыш сыныптар арасында сурет пәнінің мұғалімі Қозбағарова Алтынның жетекшілік етуімен «Мен өз болашағымды қалай көремін?» тақырыбында сурет салудан байқау және көрме өткізілді.



18 наурызда 5 сыныптарға «Мамандықтар әлеміне саяхат» атты тренинг сабақ өткізілді. Оқушыларға карточкалар таратылып, қай сурет қай мамандыққа тиесілі екенін тауып, оны қорғап екі топқа бөлініп жарысты. Оқушыларға өте ұнады.



4 сәуір А.ӘД мұғалімі Орынтай Есімов және кәсіби бағыт беруші Жадыра Темірғалиева мектебіміздің 11 сынып оқушыларына Қорғаныс министрлігінің әскери оқу орындарына оқуға түсу бойынша түсінік жұмыстарын көрсетіп бейне материалдармен бөлісті. Әскери оқу орындарында оқу тегін және жатын орынымен қамтамасыз етіледі. Және әскери білім алған түлектер тұрақты түрде қаражатпен қамтамасыз етіледі, жатақхананы тегін алуға не жалға берілетін тұрғын үйге өтемақы алу мүмкіндігіне ие болады.





17 сәуірде Каспий жоғары педагогикалық және салық технологиялары колледжінің мамандары 9 сынып оқушыларына кәсіптік бағыт беру мақсатында колледждегі мамандықтар жөнінде түсінік жұмыстарын жүргізді




23 сәуірде Жаңаөзен қаласы политехникалық колледжінің әдіскері Калдибаева Маржан Абдикадировна және физика пәнінің мұғалімі, шебер Болысова Тұмар колледжге түсу, оқу мүмкіндіктері туралы толық мағлұмат беріп өтті.



Stydimania ағылшын тілін оқыту орталығының директоры Тыныштық Алмағанбетовна оқушыларға шетелге оқу мүмкіндіктері туралы толықтай мағлұмыт беріп өтті.



24 сәуірде Түркия мемлекетінің университеттеріне орналастырушы Bilimpower компаниясының құрушысы Уразова Асель ханым 11 сынып оқушыларына Түркия мемлекетінің грантын қалай алу туралы, тегін білім алу туралы және ақылы оқу орындарына қалай тапсыру, қалай тіл үйрену, құжат, виза жөнінде толықтай мағлұматтар берді.



24 сәуір О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалдык техникадық колледжінің Бюджет бөлімінің меңгерушісі Шамянова Нұргүл Тувакбаевана 2024/2025 оқу жылына мемлекеттік тапсырыс бойынша үгіт насихат жұмыстарын жүргізді



22 сәуір күні «Менің ата-анамның мамандығы» тақырыбында Жаңаөзен қалалық білім бөлімі мен «Білім Инновация» ХҚҚ бірлестікте 2-4 сынып оқушылары арасында сурет салу байқауы өтті. Байқауға мектебімізден 2 «Ә» сынып оқушысы Атабаева Мейірім, 3 «Г» сынып оқушысы Азаттық Раяна, 3 «Д» сынып оқушысы Сайлаубай Айдина атты оқушылар қатысып жүлделі орындар иеленіп сыйлықтармен марапатталды.



24 сәуірде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті ЖОО туралы түлектердің ЖОО бітірген соң жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы ақпарат айту мақсатында ZOOM платформасы арқылы онлайн Ашық есік күнін өткізді. Оқушылармен бірге онлайн ақпарат алдық



14 мамырда Мұнайшы мәдениет сарайында «Грант түрлері және талапкердің жол картасы» кәсіптік бағдар беру семинары өтті. Семинарда Тарих мектебі негішін қалаушы Оразбек Әбсаттар, Кәсіптік бағдар беруші «JOO High School» Диас Асанов және Айдос Жұманазар, «Kzchemistry» негізін қалаушы Бауыржан Бақытжанұлы және ҰБТ республикалық орталығының директоры Руслан Емелбаев дәріс оқыды. Оқушыларға әр түрлі сұрақ тар беріліп жауап берілген оқушыларға сыйлықтар табыс етілді. Сонымен қатар Қазақстандық жоғары оқу орындарының көрмесі өтті. Оқушылар әртүрлі оқу орындарымен танысып көптеген ақпараттар алды.



15 мамыр Жарқын болашақ бағдарламасы бойынша Қарағанды, Көкшетау қалаларының Махамбет Рүстембекұлы бастаған колледж өкілдері келін 9 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстарын жүргізді



15 мамыр күні 10 «Ә» сынып оқушыларымен «Кәсіптік бағдар – болашаққа бағдар» тақырыбында тренинг сабақ өтті. Оқушылар топқа бөлініп, ойын түрінде өз тақырыптарын қорғап шықты. Жаңа мамандықтармен танысты



21 мамыр күні «Жарқын болашақ» бағдарламасын түсіндіру мақсатында Аружан Махамбетқызы бастаған өкілдері мектебімізге келіп бағдарламамен оқушыларды таныстырды. Батыстан өзге 11 өңірге 57 оқу орнына тегін оқу мүмкіндігін мейлінше толықтай таныстырып өтті.



20-21 мамыр күндері кешкі сағат 18:00-19:00 аралығында қалалық оқушылар үйінің акт залында 9 сынып оқушыларының ата-аналарына «ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» бағдарламасын түсіндіру мақсатында Мейрамбек мырзамен кездесу өтті.



21 мамыр №23 ЖББМ «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында оқушылар арасында дебат сайыс сабақ өтті. 8 «В» сынып оқушысы Жамаладин Диана және 9 «Д» сынып оқушысы Қуанова Іңкәр қатысып жүлделі үшінші орынды иеленді.



22 мамыр 6 сынып оқушыларына «Мамандыққа саяхат» тақырыбында тренинг сабақ өтті, сабақта оқушыларға мамандық туралы жұмбақтар, ситуациялық сұрақтар, мамандықты тап ойыны және жаңа мамандықтармен танысты. Оқушылар сабаққа белсене қатысты.



24 мамыр күні №24 мектеп лицейінде ҚР ҚМ Сағадат Нұрмағамбетов атындағы Құрлық әскерлері әскери институтының өкілдері жоғары сынып оқушыларына үгіт насихат жұмыстарын жүргізді



Жаңаөзен қаласы «Абай Құнанбаев атындағы №19 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2023-2024 оқу жылындағы алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің және әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарының жайы туралы есебі «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы №561-IV заңы мен «Бастапқы әскери дайындық қағидаларын бекіту туралы» және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 12 шілдедегі № 347 бұйрығын басшылыққа ала отырып, 2023 оқу жылының алғашқы күні қыркүйегінен бастап оқу орындарында жүргізілетін алғашқы әскери және технологиялық дайындық сабағы басталды.

ҚР, Білім беру заңында Білім беру стандарты мен бағдарламаларды негізге ала отырып, заман талабына бетбұрып, мүмкіндігінше сабақ беру үрдісін жаңаша ұйымдастыруға, тың ізденістерге ұмтыламыз.

Алғашқы әскери және технологиялық даярлық пәнін саналы және жоғары деңгейде өткізу, әскери патриоттық тәрбиені жандандыру мақсатында, әскери техникалық құрал жабдықтарды игеруге ілім қазірде ХХІ ғасырдың көшбасында.

Алғашқы әскери және технологиялық даярлық, міндетті түрде өткізілетін пән болып табылады.

Кабинет төлқұжаты, құрал жабдықтардың тізімдері, акт құжаттары, жылдық жоспары, апталық жоспары, күнтізбелік және сабақ жоспарлары жасалынып бекітілген.

2023-2024 оқу жылында 11 сыныптарда 87 оқушы аяқтады, оның ішінде (ұл бала 39, қыз бала 48).

2023-2024 оқу жылында 10 сыныптарда 69 оқушы болды, оның ішінде (ұл бала 33, қыз бала 36)

- АӘ және ТД пәнінің сабақтары тексерілісі жақсы деп бағаланды.
- Оқу-материалдық базасы жайының бағалануы «қанағаттанарлық».
- Оқушыларға әскери оқу орнына түсуге арнайы мамандармен кездесулер ұйымдастырылып әскери оқу орнына түсуге толыққанды мағлұмат берілді.

АӘ және ТД пәні бойынша, сыныптан тыс жұмыстары толық жүргізілді.

Әскери-патриоттық тәрбиенің берілісі

Мектептің тәрбиелік іс-әрекетіндегі мақсаттардың бірі – мектеп оқушыларының бойында әскери-патриоттық қасиеттерді қалыптастыруға тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін азаматтық және әскери-патриоттық бағыттағы іс-шаралар жоспарлы түрде ұйымдастырылды. Мектепте әскери-патриоттық тәрбие берудің іс-шаралар жоспары жасақталды.

Іс-шаралардың мақсаты: өскелең ұрпақты азаматтық және патриоттық рухта тәрбиелеуге, Отанға деген сүйіспеншілік, парызға адалдық - бейбітшілікті қорғауға, өз елінің тарихын құрметтеуге және жастарды мектеп жасынан жауынгерлікке баулып, жастардың бойындағы әскери-патриоттық сезімдерін арттырып, Отаншылдық рухты бойларына сіңіріп, Отанын, елін, жерін, сыртқы жаудан қорғайтын, білімді де білекті, дені сау мықты жастарды қалыптастыру.

2023 жылдың Қазан айында мектепшілік 8-сынып ер балалар арасында «Нысананы мерегендеп ату» іс-шарасы өтті. Жүлделі орын алған оқушылар І, ІІ, ІІІ жүлделі орындармен марапатталды. Атап айтар болсақ

І орын – 8 а сынып оқушысы, Қаржаубай Абылай;

ІІ орын – 8б сынып оқушысы Таңбай Мирас;

ІІІ орын – 8г сынып оқушысы, Мұрат Нұрбек.

Қалалық «Мерген ару-2024» қыздар арасындағы пневматикалық винтовкадан нысананы көздеп ату қалалық турниріне Орынбасар Марал, Бауыржан Эльяна қатысып жүлделі ІІІ орынға ие болды. Қалалық «Мерген ару-2024» сайысында «Үздік мерген» номинациясымен Орынбасар Марал марапатталды.

2024 жылдың сәуір айында 9-10 сынып оқушылары арасында «Калашников автоматын толық емес бөлшектеп қайта жинау бойынша сайыс өткізілді. Сайыс жоғарғы деңгейде тартысты түрде өтті. Сайыста жеңіске жеткен оқушылар, жүлделі орындармен марапатталды. Оқушыларды Отансүйгіштікке тәрбиелеу, Отан алдындағы әскери борыштарын өтеуге ынталарын арттыру мақсатында «Германиядағы Кеңес әскерінің тобы, Варшава келісім шарты әскерінің тобы» Ардагерлері республикалық қоғамдық бірлестігінің Жаңаөзен қаласы бойынша филиалының ардагерлері мектеп бітіруші түлектерімен кездесіп, әңгімелер айтылып, ашық сұхбат өрбіді. Ардагерлермен кездесу жоғарғы деңгейде өтті.

7 мамыр-Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай 10 сынып оқушылары арасында "Бүгінгі оқушы-ертеңгі Отан қорғаушы" атты әскери-патриоттық сайысы өткізілді. Әскери-патриоттық сайыстың өткізілу мақсаты: Жастарды әскери - патриоттыққа тәрбиелеу - азаматтардың патриоттық парыздың терең түсінігін, Отан қорғауға дайындығын қалыптастыру, және де еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту, Қазақстан халықтарының достығын сақтау міндеттерін шешуге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу.

10 мамыр күні Х Халықаралық «Айбын-2024» әскери-патриоттық жастар жиынының облыстық кезеңінде Қайсар командасы ІІ орынға ие болды. Команда құрамында мектебіміздің 9б оқушысы Тастемиров Саламат марапатталды.

Мектебімізде 6-7 сынып оқушылары арасынан «Жас Ұлан» тобы құрылып, саптық шеру өткізілді. Мақсаты: оқушыларды мектеп жасынан жауынгерлікке баулып, келешек ұландардың бойындағы патриоттық сезімдерін арттырып, Отаншылдық рухты бойларына сіңіріп, Отанын, елін, жерін, сыртқы жаудан қорғайтын білімді де білекті, дені сау мықты азаматтарды қалыптастыру.

Мектеп базасында 2024 жылдың 27 мен 31 мамыр аралығында 5 күндік далалық оқу-жаттығу жиыны өтті. 10-сыныптың білім алушылары білім стандартына сәйкес жыл бойы алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен дәріс алды. Практикалық бөлімнің 30 сағаты, далалық оқу-жаттығу жиыны түрінде өткізілді. 10-сыныптан 32 ер бала далалық оқу-жаттығу жиынына қатысты. Оқу-дала жиынының барысында взвод командирі ретінде Өтешбаев Баяман тағайындалса, 1 бөлімше командирі Табынбай Ақжол, 2 бөлімше командирі Сарсенгалыев Ылым тағайындалды.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінің мұғалімі Есимов Орынтай Ахметовичтың басшылығымен 14 сағат тактикалық дайындық, 6 сағат атыс дайындығы, 4 сағат жалпы-әскери жарлығы, 4 сағат саптық дайындық және 2 сағат әскери топография

дайындық сабақтары өткізілді. Оқу-дала жиынының барысында оқушылардың бойында батылдылық, табандылық, патриоттық сезімдері оянып, ел тыныштығын сақтайтын ер азаматтарымыз тәрбиеленді.